

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті 6D020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығының PhD докторанты Курпебаева Газиза Кабыловнаның «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысына

ПКР

Курпебаева Газиза Кабыловнаның «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы «араб көктемін» зерттеуге арналған диссертациялық жұмысы XXI ғасырдың басында халықаралық аренада орын алған шиеленісті ақпараттық қарама-қайшылық жағдайында өте өзекті болып табылады. Наразылықтар мен күштік әрекеттердің пайда болуы мен дамуының ішкі себептері мен сыртқы көздері халықаралық қатынастардың саяси факторларына, өнірлік даму мен жаһандық қауіпсіздік аспектілеріне әсер етеді. Египеттегі, Ливиядағы және Сириядағы әлеуметтік толқулар, диссиденттың пікірінше, аймақтағы халықаралық қатынастар құрылымының өзгеруіне үлкен әсер етіп, Таяу Шығыс пен әлемдегі шиеленістің одан әрі ушығуының катализаторы болды. Дәл осы елдерді тандау «Араб көктемі» оқиғасының факторларын, оның себеп-салдарын түпкілікті зерттеумен және оның жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке әсерін зерттеу қажеттілігімен анықталады. Аймақтағы төнкерістер мен азаматтық соғыстар жаңа террористік құрылымдарды, бүкіл әлемдегі террористік шабуылдар санының өсуін және көші-қон ағындарын едәуір күштейтті.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағының өзі адамзат тарихында геосаяси тұрғыдан маңызды аймақтардың бірі болды. Осы өнір елдерінде болып жатқан процестер әлемдік геосаяси трендтерге бірнеше рет әсер етті. Сондықтан Г.К. Курпебаеваның зерттеу жұмысы отандық саяси ғылымға қосқан құнды үлес болып табылады. Зерттеу жұмысы әлеуметтік және саяси факторлардың әсері тұрғысынан саяси процестерді пәнаралық көзқараспен талдауымен ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған тұжырымдамалар мен қорытындыларының негізділігі диссиденттың таңдалған тақырыпты жан-жақты және кешенді зерделеуімен қамтамасыз етілген. Г.К.Курпебаеваның диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдар тұжырымдаған әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар саласындағы маңызды тұжырымдары қолданылды.

Зерттеу жұмысының деректік негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне және реңми құжаттардың кең жиынтығын пайдалануға негізделгенін атап өткен жөн. Оған ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектері, зерттеліп отырған елдердің реңми құжаттары кіреді.

Зерттеліп отырған араб елдеріндегі революциялық оқиғалардың ішкі және сыртқы себептерін дифференциалды сараптай отырып, кешенді талдау

жүргізу диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады. Сонымен бірге, диссидент зерттегін әр елдегі наразылық қозғалыстарының себептерінің ортақ және әр елге тән ерекшеліктерін анықтай алған.

Г.К.Курпебаевың диссертациялық жұмысының құрылымы зерттеу тақырыбын толыққанды ашуға, тұжырымдалған міндеттерді дәйекті шешуге және зерттеу жұмысына қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Араб көктемі оқиғаларының параметрлерін талдай отырып, диссидент Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдерінде болып жатқан оқиғалар кейбір жағдайларда саяси жүйенін дағдарысына және қарама-қайшылыққа соқтырады деген пікір білідіреді. Сондай-ақ, диссидент Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы қақтығыс жағдайы мен наразылық қозғалыстарының ерекшелігі қақтығыстардың сыртқы құштерді тартумен азаматтық соғысқа айналуы екенін атап өтті. Бұл, авторға, әлеуметтік-экономикалық және саяси наразылықтың көрінісі ретінде басталған қақтығыстардың кейбір жағдайларда мемлекеттіліктің құлдырауына немесе азаматтық соғысқа әкелетін қарулы қақтығыстарға айналды деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Диссидент зерттеу жұмысында негізгі тұжырымдары нақты анықтай алған. Сонымен қатар, сарапшылардың еңбектеріне және дереккөздерге сілтемелерді дұрыс пайдаланды. Ізденушінің зерттеу нәтижесінде қол жеткізген негізгі тұжырымдарының қисындылығы мен дәлелділігі құмән тудырмайды. Зерттеу жұмысының кешенділігі, тұжырымдардың ойластырылуы, көптеген дереккөздер мен әдебиеттерді орынды қолдануы жұмыстың тәжірибелік маңыздылығын қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің дұрыстығы мен негізділігі ауқымды аналитикалық деректерді пайдаланумен, зерттеу нәтижелерінің халықаралық конференцияларда баяндалуымен негізделген. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері 11 мақала түрінде жарияланды, соның ішінде 5 мақала – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында, 1 мақала – Scopus мәліметтер базасына енетін басылымда, 5 мақала – халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарық көрген.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, диссертация аяқталған дербес зерттеу жұмысы болып саналады және «Ғылыми дәрежелер беру Ережесі» талаптарына сәйкес келеді. Курпебаева Газиза Кабыловнаның «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирія елдерінің мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылады.

Ресми ғылыми кеңесші,
Қазақстан Республикасының
Тұнғыш Президенті – Елбасы кітапханасының
халықаралық катынастар қызметінің басшысы
с.ғ.д., доцент



Ж.Р.Жабина